


**ӘЙЕЛДЕРГЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ЕМДЕУ
ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖӘРДЕМДІ
ҰЙЫМДАСТЫРУ**



1917 жылдан бастап әйелдерге қамқорлық жасау үшін Халық комиссариатының жанынан ана және баланы қорғау бөлімі ашылды , ал кейін 1918 жылдың шілде айынан бастап Денсаулық сақтау халық комиссариаты ұйымдастырылған соң соның құрамына қосылды.

Алматыда 1932 жылы ана мен сәбиді қорғау ғылыми зерттеу институттары ашылды



1944 жылы жүкті әйелдерге , көп балалы және жалғыз басты аналарға мемлекеттік көмекті көбейту, ана мен баланы қорғауды күшейту , көп балалы аналарға «Батыр ана» деген құрмет атағын , «Ана даңқы» ордені, «Аналық медалін» беру туралы жарлық қабылданды.



2009 ж. қабылданған
Қазақстан
Республикасының «Халық
денсаулығы және
денсаулық сақтау жүйесі
туралы» Кодексінде ана
денсаулығын және оның
құқықтарын қорғау мен
емдеу прфилактикалық
жәрдем көрсету негіздері
бекітілген.

Мен әлемнің бар күлкісін жиямын да,
өзіңе сыйлаймын. Мейлі, бүкіл әлем
мұңайса мұңайсын, сен ғана күлімдеп
жүрші, Анашым!



Статистикалық деректерге жүгінсек , әрбір 10-11 жұмысшы әйел денсаулығына зиян келтіретін жағдайда қызмет істейді , мысалы он мыңдаған әйелдер шаңдалған, газдалған, суықта немесе өте ыстықта , аса шулы жерлерде жұмыс істейді, мал шаруашылығында 10000 даған әйелдер жұмыс істейді , 370 мыңнан астам әйел денсаулығына зиян келетін жерде , ал 140 мың әйел түнгі кезекте істейді, 500 мыңнан астам әйелдер ауыр қол жұмысымен шұғылданады.



Әйелдер кеңесі — диспасерлік типтегі амбулаторлы-емханалық мекеме, оның жұмысында қазіргі кездегі денсаулық сақтаудың негізгі мақсаты ретінде алдын алу мен емдеудің ұжымы толығымен көрсетіледі.

Әйелдер кеңесінің мақсаты – әйелдерді сауықтыру бағытталған емдік — профилактикалық көмек көрсету, аналық және перинатальдық аурушаңдықтың пен өліміне арналған профилактикалық шаралар көрсету.

Әйелдер кеңесінің басты мақсаты – ісік алды ауруларды анықтап, онкологиялық ауруларға профилактика жүргізу. Профилактикалық тексерулердің 3 түрі бар: комплексті, бағытталған, индивидуальді. Профилактикалық тексерулерді тұрғындарда 20 жастан бастап жүргізеді, ол жылына 2 рет цитологиялық және кольпоскопиялық тесерулермен бірге жүргізіледі.



Әйелдер консультациясының құрылымы: Регистратура, жүктілерді, босанушыларды, босанған әйелдерді, гинекологиялық аурулары бар әйелдерді қабылдайтын акушер-гинеколог дәрігерлердің кабинеті, манипуляциялық бөлме, емдік процедураларды жүргізетін физиотерапиялық кабинет, терапевт, стоматолог, венеролог және әлеуметтік-құқықтық сұрақтармен кеңесетін заңгер кабинеті. Бедеулік, жүктілікті көтере алмаушылық, контрацепция сұрақтарымен кеңесетін, кабинеттер ұйымдасытырылған. Сонымен қатар лаборатория, УДЗ кабинеттері бар



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 07.04.2010 жылғы №239 бұйрығына сәйкес:

Біріншілік қабылдау – жүктіліктің 12 аптасына дейін ұсынылады

Екінші қабылдау — жүктіліктің 16-17 аптасында ұсынылады

Үшінші қабылдау — жүктіліктің 24-25 аптасында ұсынылады

Төртінші қабылдау — жүктіліктің 30-32 аптасында ұсынылады

Бесінші қабылдау – жүктіліктің 36 аптасында ұсынылады

Алтыншы қабылдау – жүктіліктің 38-40 аптасында ұсынылады

Жетінші қабылдау – жүктіліктің 41 аптасында ұсынылады



Әйелдер босанатын үйдің жұмысын ұйымдастыру

Акушерлік гинекологиялық көмек көрсетудің ең негізгі түрі әйелдер босанатын үйдегі жәрдем.

Әйелдер босанатын үйдің түрлі бөлімдері болады. Олар:

Физиологиялық

Патологиялық жүктілік бөлімі

Обсервациялық

Нәрестелер бөлімі

Гинекологиялық деп бөлінеді





72934 К.к.

ЖИЛДЫЗДІК АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ САЙТУ

АТФ



